

"Ұйымдардың стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту және күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 2 қыркүйектегі № 256 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 мамырда № 6958 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 Бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 28.12.2012 № 495 Бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Ұйымдардың стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 2 қыркүйектегі № 256 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4949 енгізілген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылғы қыркүйек-қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Ұйымдардың стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережесінде:

17-тармақтың үшінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұйым стандарты 30-күнтізбелік күнде қаралады. Оң шешім қабылданғанда 2 жұмыс күннен ұзақ емес күнде тіркеледі. Теріс нәтиже кезінде қайта қарауға ж і б е р і л е д і . » .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Н.Қ. Әбдібековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қазақстан Республикасы
Индустрия және
Ә. Исекешев

жаңа технологиялар министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК